

**«Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі» КММ – нін
қамқоршылық кеңес отырысының**

№3 хаттамасы

Құлан ауылы
Барлығы: 14
Қатысқандар: 10
Қатыспағандар: 4

28.09.2020 ж

Күн тәртібі

1. Ә.Бөкейханов атындағы орта мектеп директорының есебі.

1.Тыңдалды: *Мектеп директоры Н.Т.Шулакова :*

Ә.Бөкейханов атындағы орта мектебінде 1635 оқушы бар. Сонын ішінде үйден окитын оқушы саны- 5, ерекше назарды қажет ететін оқушылар саны- 8, -қамқоршылықтағы және қорғаншылыққа алынған оқушылар саны-9. Қазіргі таңда індетке байланысты 1-4 бастауыш кезекші сыныптар ашылып, жалпы кезекші сыныптар 728 оқушы білім алып жатқаны туралы айтылды. Биылғы 2020-2021 оқу жылында індетке байланысты қашықтықтан оқуға көшкендіктен, аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім отбасынан шыққан 156 отбасы 347 оқушыға 70 компьютер, 35 планшет, 3 ноутбук, 13 нетбук, 35 моноблоктар аудандық білім беру тарапынан және мектеп тарапынан уақытша таратып берілді. Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі күрделі жөндеуден өткендігін айтып өтті. Центр «Сервис Строй» демеушілік көрсетіп мектебімізге әжетхана соғып жатыр. Одан басқа мектептің безендіруіне компания 1 млн. теңге берді. Демеушілерді тарта отырып 840 мың теңгеге мектептің алдындағы «Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебі» деп ілініп тұрған мектептің атауы жазылды. 427 мың теңгеге мектептің артын қоршады, 108 мың теңгеге мектеп артындағы жолдарды салуға мектеп ішінен демеушілер табылып жөндеткені туралы айтып өтті. Мектеп әкімшілігі мектеп жұмысын дамытуда ұстаздардың өздерін үлкен міндеттер тұрғанын жауапкершілікпен сезініп, оқу-тәрбие процесінде қазергі талапқа сай жоғары нәтижеге жету жолында ізденіспен еңбек етіп жатқандығын айтты.

2. **Сөйледі:** *Қамқоршылық кеңес мүшесі Кездікбаев Б:* Мектептің күрделі жөндеуден өткені өте жақсы болды. Осындай жарқарыған мектебімізден











үлгілі, білімді оқушылар шыға берсін. Мектеп директорына өзінің алғысын білдірді.

3. Сөйледі:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Елшібаева М: Мектеп ішіне әжетхана кіргізгеніне қуанып өзінің ризашылығын білдірді. Мектептің безендірілуі көңілімізден шықты. Жиналысқа қатысып отырған кеңес мүшелеріне «Қамқоршылық кеңес» төрағасын сайлауды ұсынды.

Шешімі:

1. Мектеп директоры Н.Т.Шулакованың қамқоршылық кеңес алдындағы есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

1. М.Елшібаева  Қамқоршылық кеңес төрағасы
2. А.Танкеев  кеңес мүшесі
3. С.Иманалиев  кеңес мүшесі
4. Б.Иманкулов  кеңес мүшесі
5. Г.Дильмағанбетова _____ кеңес мүшесі
6. Н.Мурзатаева  кеңес мүшесі
7. С.Бабаева _____ кеңес мүшесі
8. Б.Кездікбаев  кеңес мүшесі
9. Н.Қауымбаев _____ кеңес мүшесі
10. Б.Асқар  кеңес мүшесі
11. Е.Қабылбеков  кеңес мүшесі
12. М.Әдепбай  кеңес мүшесі
13. Ж.Қойшыманова _____ кеңес мүшесі
14. З.Таукеева  кеңес мүшесі

